

ТУУЫ

НИҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ ҚОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Сәрсенбі

жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

Түркмен мақташыларының қуанышы

МАРЫ, (Түркмен ССР), 14 июль. (СОТА). Мургаба өзені алқабындағы мақта егуші еңбекшілер В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме қатынасы каналы құрылысының аяқталуы жөніндегі хабарды өзінің сүйікті Отанына деген сүйіспеншілік және мақтаныш сезімімен қарсы алды. Дала қостарында, колхоз клубтарында және қызыл мүйістерде Түркмен мақташылары Еділ-Дон каналы құрылысшыларының И. В. Сталин жолдасқа жазған хатын, Еділ-Дон кеме қатынасы каналын ашу жөніндегі ССРО Министрлер Советінің қаулысы мен каналды В. И. Лениннің есімімен атау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указын — тарихи документтерді зор өрлеу үстінде оқып, талқылауда.

Колхозшылардың ойы мен мақтаныш сезімін «Зарпий

ударник» ауылшаруашылық артелінің председатели, Социалистік Еңбек Ері Алла Берді Атакаррыев білдірді.

Сүйікті Сталиннің данышпандық басшылығы арқасында орыс халқының ғасырлық арманы жүзеге асты. Біз, Түркмен мақта өсірушілері, Донның суы арқылы құрғақшылық аудандарды егіндік, шабындық жерге айналдыруға мүмкіншілік алған социалистік егіс даласы еңбекшілерінің қуанышына бүтіндей ортақпыз.

Кәзір біздің республикаға, Түркмен Бас каналының құрылысына Еділ-Донның даңқты құрылысшылары мен қуатты отандық техника келе бастады. Бетпак далада канал құрылысының аяқталуына байланысты совет халқының қуанатын күні де алыс емес.

ДЕНИ- ТЫҒЫ

арқылы естіп да дауыстап гамалар жасалады. вл ауданының колхозшылар ылық жұмысын а үнемі көмекте-

қ жерде бірдей

дегі кейбір кірінің көпшілік н мәніндегі ортақметтің саясатын інен насихаттау ғандығын атап

Октябрь, Президи алуыл-селолық інің өте қанағаттырғаны дәлел ағы оқу үйлерінің жаңа кітаптарды ін мезгіл-мезгіл қанағаттанысып меткерлерінің өзінің білімі бүгінгі і ерекше көзге ың Жалтыр, Есіл,

Туған елімізде

Вильнюстің азат етілгеніне 8 жыл

ВИЛЬНЮС, 13 июль. (СОТА). Қала еңбекшілері социалистік Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін өмірін қыйған совет жауынгерлерін құрметпен еске түсіруде.


Бүгін советтік Литва астанасының гитлершіл басқыншылардан азат етілгенінің 8 жылдығында кәсіпорындары мен мекемелердің, қаланың қоғам ұйымдарының коллективтерінен бөлінген делегациялар автомашиналарға мініп Антакальице дөңестеріне қарай беттеді. Мұнда Вильнюсті азат ету ұрысында қаза тапқан совет солдаттары мен офицерлерінің туыскандар моласының қасында көп адам қатысқан митингі болды.

Митингіде Сталиндік сыйлықтың лауреаты ақын А. Венцлова, Литва ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Б. Брачас, Вильнюсті азат етуге қатысқан «Эльба» заводының слесарі Н. Тимофеев және басқалар сөз сөйледі.

Мұнан кейін жауынгерлер моласының басына Вильнюстің партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелердің атынан гүлдер қойылды.

Каспий және Арал-Балқаш

Малға мол жемшөп, жылы қора әзірлейік!



Ленин ауданындағы Молотов атындағы колхозда құрылыс жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Колхоз мүшелері, әсіресе, қоғамдық малға жылы қора дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлуде.

СУРЕТТЕ: 100 бұзау сыяқты гэд үйінің құрылысы.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

МЕНИҢ ТАБЫСЫМ

Мен 1947 жылдан бері «Организован-» парын ойдағыдай орындап келемін. Өткен

Маяшылардың жарысы

Буденный атындағы совхоздың коллективі сүйікті көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерін аброймен орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, мал азығының берік қорын жасауда көрнекті табысқа ие болуда. Соңғы бескүндікте совхозда еңбек өнімділігі едәуір артты. Пішеншілер 500 гектар жердің шөбін шауып, 3 мың центнер шөпті майға салды.

Совхоздың алдыңғы қатарлы машинашыларымен қатар, маяшылары да қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде. Маяшылар Көшенов, Елеусізов және Матвеева жолдастар уақытпен санаспай жұмыс істеп жүр. Күндік тапсырманың орындалуын сан жағынан ғана емес, оның сапалы болуы үшін де күрес күшейе түсіп отыр. Осының арқасында бұлардың әрқайсысы шөпті майға салудағы белгіленген күндік тапсырмаларын біржарым, екі еседен орындайды.

Сол сыяқты, совхозда шабылған шөпті мал қораларына тасу да тыңғылықты ұйымдастырылған. Бұл жөнінде арнаулы бригада құрылған. Бұлар транспортпен

де, қабырға газеттері мен жауапкершілік листоктар шығаруда колхоздың партия ұйымына көмектесіп отырады. Мұнда колхозшылардың жұмыстан кейін мәдениетті түрде тынығуына жақсы жағдай жасалған. Колхозшылар жаңалық хабарларды вагон-

Кәсіподақ активіне арналған лекторий

Алматыда республика астанасының кәсіподақ активіне арналып лекторий ашылды. Бұл лекторийді Қазақ ССР кәсіподақтар советінің кәсіподақ кабинеті ұйымдастырды. Искусство қызметкерлерінің Үйінде «Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы бейбітшілік пен демократия жолындағы, жұмысшы табының бірлігі жолындағы, еңбекшілердің праволары жолындағы күресте» деген тақырыпта алғашқы лекция оқылды.

Мұндай лекциялар күн сайын оқылып тұрады. Жоспарға мынадай лекциялар оқу енгізілген. «В. И. Ленин мен И. В. Сталин

селодық интеллигенцияның таңдаулы өкілдерін іріктеп алу керек. Оқу үйлерінің жұмысына басшылықты күшейтіп жақсарту—партия ұйымдарының ең абройлы міндеттерінің бірінен саналады.

еңбектің социалистік тәртібі рухында тәрбиелеу туралы», «Марксизм-ленинизм базис пен қондырма туралы», «Сын мен өзара сын—советтік социалистік қоғамның қозғаушы күші». Сонымен бірге, халықаралық жұмысшы қозғалысы туралы, социалистік жарыстың жаңа формалары туралы, әдебиет пен музыка мәселелері жөнінде лекциялар оқылады.

Лекциялар оқуға саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі республикалық Қоғамның мүшелері, жоғары оқу орындарының оқытушылары тартылған.

(ҚазТАГ).

Қой өсірушілердің аудандық ғылыми-өндірістік конференциясы

БАЯНАУЫЛ (Павлодар облысы). Баянауылда Баянауыл ауданы қой өсірушілерінің ғылыми-өндірістік конференциясы болды. Қазақ ССР Ғылым академиясы эксперименталдық биология институтының ғылыми қызметкері Н. П. Чумин «20 лет Казахстана» колхозындағы үшжылдық ғылыми жұмыстың қорытындылары туралы баяндама жасады. Ғалымдармен тығыз ынтымақтаса отырып, колхозшылар жергілікті табиғат жағдайында «Қазақ архармеринос» қойының жоғары өнімді жаңа тұқымын ойдағыдай өсіруде. Архармеринос қойының тұқымымен асылдандырылған жергілікті қойдың әрқайсысы 5 килограмға дейін жүн беруде. Дала архармериностарын совет мериностарымен бұдан былай да будандастыру, таяу жылдарда әр қойдан 10-12 килограмнан

жүн алынуына мүмкіндік береді. Шопан Кеңжетай Суатов конференцияда Сталин атындағы колхоз тәжірибешілерінің ғалымдарға көрсеткен зор көмегі туралы айтты. Шопан Нұртай Оразбеков биязы жүнді қойдың төлдерін аман өсіру жөніндегі тәжірибесін ортаға салды.

Конференцияға қатысушылар аудандағы биязы жүнді қой шаруашылығының келешектері туралы, совет ғалымдарының ауылшаруашылық малдарының отандық тұқымдарын жетілдіре берудегі табыстары туралы баяндамалар талқылады.

Конференцияда аудан колхоздарының биязы жүнді қой шаруашылығын одан сайын өркендете беруге, Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді орындауға бағытталған шаралар белгіленді.

дан 30 центнерге дейін бидай алынады.

Совет артистері Финляндияға жүріп кетті

13 июльде Хельсинкиге совет артистерінің бір тобы жүріп кетті. Мұның құрамында көркемдік жағын РСФСР халық артисі И. Мойсеев басқаратын ССР Одағы халық биінің мемлекеттік ансамблі, сондай-ақ РСФСР-дің еңбек сіңірген артистері И. Тихомиров, Г. Фарманец, Борисенко, тағы басқалары бар.

(СОТА).

Жекелеген жетістіктердің көлеңкесінде

Орта бойлы, толықша келген әйел күндегі әдегінше бүгін де смена басталардан көп бұрын келді. Келген бойда ол жұмыс орнын байқап шықты да, смена аяғына дейін жететіндей етіп материалдар әзірлеп алды, тігіншілерге тапсырмалар бере бастады. Олар қажетті аспап, материалдарын дайындап алғанша түнгі смена да аяқталып, жұмысын тоқтатты. Сол үзілістен кейін тігін машиналары қайтадан іске қосылды.

Бұл — «Комсомолка» тігін фабрикасының № 2 цехының озат бригадирі Константинова жолдас еді. Озат бригаданың коллективі жұмыс істейтін жерде фабриканың ауыспалы қызыл туы желбірейді.

Константинова жолдасын бригадасы үш айдан бері фабриканың ауыспалы қызыл туын қолда берік ұстауда. Крылова, Гнедкова, Хлопотова, Мокшина жолдасар басқарған тігіншілер бригадалары да күнделік, айлық тапсырманы 110 проценттен кем орындап жүрген жоқ.

Тігіншілер арасында кең өрістетілген социалистік жарыстың нәтижесінде фабрика коллективі жартыжылдық өндірістік тапсырманы мерзімінен 8 күн бұрын орындап, айдың аяғына дейін жоспардан тыс 8 мың сомның киімдерін тікті. Коллектив шикізатты үнемдеуде де айтарлықтай

жұмысын 1 центнерге аяқтауға алғашқы реттенген-ді. Кәзір бұл құрылыс жұмыс-

Шөп сүрлеудің оза

Чистов астық совхозының коллективі жемшөп дайындауды ойдағыдай жүргізуде. Соңғы күндері мұнда, әсіресе, шөп сүрлеу қызу қарқынмен жүргізіле бастады. Бұл жұмысқа совхоздың барлық бөлімшелері кірісті.

Шөп сүрлеу № 3 бөлімшеде ойдағыдай ұйымдастырылған. Мұнда шөп сүрлейтін екі комбайн және басқа да шөп турағыш

машиналар Шөп сүрлерде де кеңінен қолданылып отырды. Соңғы жоспарын терең орындап шығуға етуде.

лықтарға кеңінен қолданылып отырды. Шөп сүрлерде де кеңінен қолданылып отырды. Соңғы жоспарын терең орындап шығуға етуде.

Коллектив мүшелері қол жеткен жетістіктерді игі істің бастамасы деп қарайды. Қажырлы еңбек нәтижесінде фабрика өнімінің түсер бағасын 1951 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 300 мың сомға дейін кемітті.

Фабрика жұмысшылары өзара социалистік жарысқа түскен. Әр сменаның жұмысы смена аяғында қорытылып, көрсеткіш тақтасына жазылады, жеке бригадалардың өздеріндегі көрсеткіш тақтаға әр жұмысшының күнделік еңбек өнімділігі көрсетіледі.

Бірақ, фабрика коллективінің бұдан да зор табыстарға жетуіне мүмкіншілік зор. Бұған мысал ретінде дайындау цехының жұмысын айтып кетуге болады. Бұл цех жартыжылдық өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын асыра орындады. Бірақ, нақ осы цехтың жұмысты өз дәрежесінде істей алмағандығынан киім пішіушілер цехының тігіншілері көптеген қыйыншы-

және жетістіктерді игі істің бастамасы деп қарайды. Қажырлы еңбек нәтижесінде фабрика өнімінің түсер бағасын 1951 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 300 мың сомға дейін кемітті.

Фабрика жұмысшылары өзара социалистік жарысқа түскен. Әр сменаның жұмысы смена аяғында қорытылып, көрсеткіш тақтасына жазылады, жеке бригадалардың өздеріндегі көрсеткіш тақтаға әр жұмысшының күнделік еңбек өнімділігі көрсетіледі.

Бірақ, фабрика коллективінің бұдан да зор табыстарға жетуіне мүмкіншілік зор. Бұған мысал ретінде дайындау цехының жұмысын айтып кетуге болады. Бұл цех жартыжылдық өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын асыра орындады. Бірақ, нақ осы цехтың жұмысты өз дәрежесінде істей алмағандығынан киім пішіушілер цехының тігіншілері көптеген қыйыншы-

Еліміздің өнерінің іс тәжірибесінде наса

„Ленин туы“ газеті атындағы эстафета

техникалық құрылыс

Еділ-Дон обасының алықтың ен әңгіме

а) Еділ суы терең б) Төменгі электр құрылыстары

Еділ-Дондан Донға, дердің ара-арып, одал баспалдақ-

0 километр ағы су то-су қоймаласына де-ан бастан

ек теңізге кеме қаты-етті. Бұл ында өте ыптеп, жер алянек су амасыз етіп

та транзит ті Дондағы қоймасынан а арқылы ылы және төніде бі-ы қамтама-

ерлерді су-лянек су ылыстан бас зонымен қа-ы. Еділ —

оларды басқару автоматтандырылды немесе бір орталықтан басқарылады.

Кеме-дердің күндіз, түнде қолайлы жүзін қамтамасыз ету үшін су қоймалары мен каналдарда жағаларға жақындалатын жерлерде және су үстінде белгілер қойылып, жарық орнатылды.

Канал арқылы темір жол және автомобиль жолының көпірлері салынды, сонымен қатар, паром өткелдері салынды. Су торабы құрылыстарының қызметкерлері үшін көркейтілген поселкелер салынды, негізгі құрылыстар сыяқты, бұл поселкелер де қолданылды.

Гидротехникалық жұмыстардың жер бетіндегі бөлімдерінің архитектурасына зор көңіл бөлінді, мұның архитектурасында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Сталинград үшін және азамат соғысы жылдарында Царицын үшін тарихи шайқастар бейнеленген.

Еділ-Дон каналының бірқатар құрылыстарында гидротехникалық құрылыстар бірінші рет қолданылып отырған конструкциялар бар. Бұлардың қатарына планетина жанындағы насос станциялары қосылады, бұл станцияларда Н. М. Иванцов су ағызғыш құрылыстарды өте үнемді етіп ұштастырды.

Кеме қатынасы шлюздерін қоректендіру системасы және олардың біршыра конструкциялары жетілдірілді. Гидротехникалық құрылыстардың құрал-жабдықтарының конструкцияларында да көп жаңалықтар бар.

Еділ-Донның гидротехникалық құрылыстары жобаларының ерекшелігі тағы мынау: беріктілік, пайдалану үнемділігі және қолайлылығы жөніндегі дағдылы талаптардың үстіне, бұл құрылыстар барлық негізгі көлемді жұмыстарды жоғары дәрежеде механикаландыру жағдайларына сай келуге және құрылыстың қысқа мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуі тиісті

Өткен демалыс күні облыстық «Ленин туы» газетінің бәйгесін алу үшін дәстүрлі эстафета өткізілді. Эстафетаны көру үшін қала еңбекшілері «Динамо» стадионына өте мөте көп жыйналды. Эстафета осы арадан, жаяу жүгірушілердің жарысымен басталмақ. Дәл сағат 5-те қолдарына эстафета ұстап, қаз-қатар тұрған жаяу жүгірушілерге старт берілді. Жыйналған қалалек-лек болып эстафетаның екінші этапы басталатын жерге қарай ағылды.

«Ленин туы» газетінің бәйгесін алу үшін қаладағы спорт қоғамдарының жүзден астам спортшысы барлық 3-этап бойына қызу күресті. Бірінші этаптан бастап-ақ күрес қыза түсті. 1100 метрлік дистанцияны жаяу жүгірушілерден «Молот» спорт клубының спортшысы Кравцов жолдас бірінші болып аяқтады. Одан кейін көп ұзамай «Звезда» спорт клубы мен «Пищевик» спорт қоғамының мүшелері эстафета таяғын алып келіп, екінші этаптағы өз спортшыларына тапсырды.

Жаяу жүгірушілерден эстафета таяғын мотоцикшілер алды. 1600 метрлік қиын дистанциядан мотоцикшілердің 1952 жылғы 50 және 100 километрлік жарысында облыс чемпионы атағын алған «Искра» спорт қоғамының мүшесі Ахмадеев жолдас дистанцияны басқаларға қарағанда әлде қайда жақсы аяқтады. Сөйтіп, ол өзінің командасын алтыншы орыннан



екінші орынға алып шықты. Эстафетаның барысында барлық дистанцияның 8 этапынан кейін «Искра» ерікті спорт қоғамының спортшылары жеңіске жетіп отырды.

Екінші және үшінші орындарға не болу үшін де командалар арасында қызу күрес жүргізілді. Бұл орындарды жеңіп алу үшін «Звезда» спорт клубы мен «Локомотив» спорт қоғамдарының спортшылары арасында өзара қызу күрес жүргізілді. Жарыс үстінде «Звезда» спорт клубының спортшылары локомотившілерден озып кете жаздап отырды. Бірақ, жарысқа жақсы дайындықпен келген те-

міржолшылар командасы барлық дистанциялардан бөгей-мей өтіп, екінші орынды жеңіп алды.

«Динамо» стадионы халыққа лық толы. Олардың барлығы да жарыста кімнің жеңіске не болғанын білуге, эстафетаның жеңушілерін көруге асығулы. Эстафета аяқталғаннан кейін мұнда «Ленин туы» газетінің бәйгесі үшін өткізілген эстафетаның судьясы жарыста жеңіп шыққан «Искра» ерікті спорт қоғамының коллективіне «Ленин туы» газетінің ауыспалы бәйгесін тапсырды.

Эстафета бірқатар команд-

лардың жарысқа барлық жағынан жақсы әзірлікпен келгендігін көрсетті. Алайда, бұдан бұрын өткізілген эстафеталарда үнемі жеңіске не болып келген «Молот» спорт клубы командасының жарысқа әзірліксіз келгендігі танқаларлық іе. Бұл команда басшыларының (совет председателі Кривошеева, нұсқаушысы Минакова жолдастар) жауапсыздығынан қайықшылар қайықпен деркезінде қамтамасыз етілмеді, сөйтіп, команда бірінші орынға не болу үшін басқа командалармен бірдей жарысу мүмкіндігінен айырылды. Сол сыяқты, «Динамо», «Буревестник» және «Труд» ерікті спорт қоғамдарының басшылары да эстафетаға әзірлік ісіне жауапсыз қарады. Олар тіпті қажетті мүмкіндіктің жеткілікті болуына қарамастан, өздерінің командаларын эстафетаға қатыстырмады.

Жалпы алғанда эстафета айтарлықтай әзірлікпен, ұйымдасқан түрде өте қызықты өтті.

Н. БУЗНИКІН,

«Ленин туы» газетінің бәйгесін алу үшін өткізілген жарыстың бас судьясының орынбасары.

СУРЕТТЕ: «Искра» ерікті спорт қоғамының командасы.

Суретті түсірген И. Андросов.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу

Қабылданған қарарлар жүзеге асырылуда

Будаев ауданының ауыл-селолық және поселкелік Советтері Совет ауданы ең

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 14 июль. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 14 июль күні былай деп хабарлады.

Өткен күні Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлі-

астам атакалар жасады, алайда, атакалардың барлығы тойтарылып тасталды.

Басқа майдандарда ерекше өзгеріс болған жоқ.

Бүгін біздің әскерлеріміз батыс жағалаудағы Нампхо ауданында бейбіт елді

лын жүзеге асыру керектігін көрсеткеннен кейін, Отан соғысы кезінде тоқтатылып, соғыс аяқталысымен-ақ қайтадан басталған жобалау-ізвестіру жұмыстары негізінен өрістетілді.

Сталин жолдағ Еділ—Дон схемасының жеке мәселелерін шешуді жобалаушы ұйымдарға сан рет тапсырып, Еділ—Дон мәселесімен өзі шұғылданды. Сталин жолдастың нұсқауы бойынша Еділ—Дон схемасы құрастырылған және аңызқандықтан жиі-жиі зартап шегетін оңтүстік даласын Дон суымен суару міндетін шешуге тиісті еді.

Соғыстан кейінгі жылдары Гидропроектінің бір топ инженері С. Я. Жуктың басшылығымен Еділ—Дон су жолының кәзір жүзеге асырылған жобасын жасады, бұл жоба мынадай негізгі халықшаруашылық

Сондықтан насос станциялары суды шлюз жасау үшін ғана емес, суару каналдарына су жіберу үшін де керек.

Каналда барлығы үш насос станциясы — Карпов, Маринов және Варваров насос станциялары салынды. Бұлардың әрқайсысы бәрі бірігіп бір секундта 45 текше метр су қотаратын үш агрегатпен жабдықталды. Көктемде бұлар каналды бастапқы рет сумен толтыру үшін пайдаланылды және Доннан 200 миллион текше метрден астам су қотарды.

Шлюздердің, насос станцияларының үстіне, каналда 13 плотина мен дамба және басқа көптеген гидротехникалық құрылыстар — су ағызғыштар, жөндеу бөгеттері, ирригациялық су айрықтары, трубалар, дюкерлер және тағы сондайлар салынды. Бұл құрылыстардың барлық пайдалану құрал-жабдықтары электрлендірілді, ал


ерекшеліктерінің бірі, ал, Еділ—Донның тәжірибесі сөзсіз коммунизмнің басқа құрылыстарында күшейтіліп, дамытылады.

Біздің отандық өнеркәсібіміз қуатты және ең озат техникамен қаруландырып, партия мен үкметтің құрметті тапсырмасымен жігерленген Еділ—Дон құрылыстары бұрын-соңды болып көрмеген қысқа мерзімнің ішінде жобаны жүзеге асырды.

31 майда каналда Еділ мен Донның суы қосылды. Бірінші июльде Красноармейскіден, Еділден, жаңа су жолының бойымен бірінші теплоход өтті. Цимлянск су электр станциясы өнеркәсіптік гектар берді, суару каналдары су алды.

Еділді Донмен қосу туралы орыс адамдарының қасырлар бойы көксеген арманы жүзеге асырылды.

ДОНДАҒЫ КАЛАЧ, 10 июль. (СОТА).



СУРЕТТЕ: Ростов облысы, Цимлянск теңізінде.

(СОТА-ның фотохроникасы)

Советіндегі Комсомол бастауыш мектебі мен Булаев орта мектебінде де оқу жылына әзірлік қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Жаңа мектеп қашан салынар екен?

Октябрь ауданындағы Кеңес бастауыш мектебі 1950—51 оқу жылында жетіжылдық мектеп болып қайта құрылған болатын. Бірақ, үй болмағандықтан, өткен оқу жылында сабақ ауылдық Советтің кеңсесінде жүргізілді. Төменгі класс оқушылары жөнделмеген суық мектепте оқуға мәжбүр болды.

Кеңес жетіжылдық мектебі үшін жаңа үй салу қарастырылып, 10 мың сом қаржы бөлінді, оған керекті ағаш материалдары да тасылып алынды.

Не пайда, мектеп директоры Жағыпаров, ауылдық Совет председатели Байдалина және колхоз председатели Асылбеков жолдастар мектеп үшін салуды дереу қолға алу ісін қамтамасыз етуді ескермей отыр.

Ж. СЕЙІТБЕКОВ.

Оқу жылы қарсаңында

Ленин ауданындағы Едібек орта мектебінде оқу жылы аяқталмай тұрып, мектепті жөндеу, оқу жылына үлгілі әзірлену ісі қызу қолға алынды. Соның нәтижесінде мұнда көзірдің өзінде мектеп және интернат үйлері жай жөндеуден өткізіліп, оқу кітаптары мен жазу, сызу аспаптары сатылып алынды.

Мектеп, интернат қысқа керекті отыңмен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді. Көзір басқа жақтан келген оқушылар үшін мектеп жанынан 100 кісілік жатақхана салу қолға алынды.

ЖАСАУЫНА К

ШАНХАЙ, 14 июль жеріне арандатушы авиациясының жаңа дығын қытай халқы алды.

«Синьвенжибао» газетінде американдық Қытайға қарсы жаңа бұл арандатушылық халқының өшпенділігі дырады деп жазады.

Біз, деп жазады газетінің мәлімдемесін тек де қолдай отырып, аяуандық арандатушы бадақтық қылмыстар наразылық білдіреміз.



«УДАРНИК»

Бүгін және күн сабақ
«КЕЗДЕСУГЕ А
Сеанстар сағат 6-8

ЖАЗҒЫ К

Бүгін және күн сабақ
«БЕРЛИННИ
1-сер
Сеанс сағат 7-де 6

УАҚЫТША
СУРЕТШІ

Жұмыс уақытын,
209-үйге келіп, тү
ды.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция — 1-87, редакторлар бюросы — 1-88, редакторлар бюросы — 1-89, редакторлар бюросы — 1-90, редакторлар бюросы — 1-91, редакторлар бюросы — 1-92, редакторлар бюросы — 1-93, редакторлар бюросы — 1-94, редакторлар бюросы — 1-95, редакторлар бюросы — 1-96, редакторлар бюросы — 1-97, редакторлар бюросы — 1-98, редакторлар бюросы — 1-99, редакторлар бюросы — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс ет